

№11 «Балапан» бөбекжай-балабақшасы
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны



Балабақша директорының орынына:
Қол қойған: А.Шуиншалиева

Тексерілді:
Балабақша әдіскері:
А.Шуиншалиева А.Шуиншалиева

Тақырыбы:

«ҚЫЗЫҚТЫ МАТЕМАТИКА»

/үйірмесі/

№8 «Құлагер» мектепалды даярлық тобы

2021-2022 оқу жылы

КІРІСПЕ

Мектеп жасына дейінгі балалар білуге тиісті қарапайым білім негіздерін неғұрлым тереңірек меңгерте отырып, олардың ой-өрісін, білім дағдысы деңгейін кеңейтеді, сана-сезім, таным, қабылдау әркетін дамытады, білімге қызығушылыққа баулиды, баланың өздігінен еңбектену белсенділігін қалыптастырады.

Сиқырлы математика әлемі арқылы айналадағы қоршаған ортамен таныстыра отырып, балалардың логикалық қабілеттерін, ой-өрісін дамытады. Ойынның шарттары қарапайымнан күрделіге, жеңілден ауырға бірте-бірте ауыстыру ұстанымдарын басшылыққа алады. "Қызықты математика» әлемі әдістемелік кешен мектепке дейінгі (5-6 жас) жастағы балаларға ҚР МЖМБС-ның мектепке дейінгі мекеменің оқыту мен тәрбиелеу бағдарламаларының талаптарына сәйкес үйірме жұмысында тәрбиеленушілердің танымдық талғамдарын ой өрісін арттыруға және балаларды мектепке даярлауға бағытталған көмекші құрал.

Ұсынылып отырған Қызықты математика әдістемелік кешен Біз мектепке барамыз бағдарламасы мектепке дейінгі 5-6 жастағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудың міндеттерін жүзеге асырады. Берілген тапсырмаларды орындау барысында балалар заттар мен құбылыстардың мәнді белгілерін айқындайды, қатынас, жүйелеу, салыстыру, талдау, сараптау жайлы түсініктерді меңгертеді. Бағдарламадағы ойындар мен тапсырмалар, қолмен пішіндерді құрастыруға, талдауға, жинақтауға, әсемдікті түсінуге, салыстыруға, үйлестіруге, есте сақтауға көп көмегін тигізеді. Негізгі оқу материалдарын басшылыққа ала отырып, бұл бағдарлама балалардың математикадан алған білім, білік, дағдыларын, танымдық қабілеттерін және ойын - жаттығуларға деген қызығушылықтарын арттырады. Тереңдетілген бағытта алынған бағдарлама құрылымында жұмбақтар, санамақтар, логикалық тапсырмалар, сөзжұмбақтар кіріктірілген. Сондай-ақ, балалардың үйірме жұмысынан алған әсерлерін, көңілді бейнелермен рефлексия жасауға үйретеміз.

Ең бастысы берілген тапсырманы сәтті орындаған сайын мадақтап, баланың қызығушылығын оятады.

Негізгі мақсаты:

Жас ерекшелігіне сай танымдық іс-әрекет дағдыларын меңгерген, әлемнің тұтас бейнесін түсінуге, ақпаратты күнделікті өмірлік мәселелерді шешуде қолдануға қабілетті тұлғаны қалыптастырады.

Негізгі міндеттері:

ақыл-ой әрекеті дамиды, логикалық ойлайды, салыстырады, талдайды, жинақтайды. Өзін-өзі бақылау дағдыларын дамиды; талдап-ойлауға, есте сақтауға, ой-өрісті дамытуға, қиыншылықтарды жеңіп шығуға дағдыланады; зейінін, қиялын, танымдық процестерін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамытады.

Күтілетін нәтиже:

Балалардың мектепке даярлығына, заттардың қасиетін аша отырып мұқият тыңдауға және жеңіл тапсырмаларды шешуге;

Балалар заттарды қасиеттеріне қарап жалпылауға (бір, екі, үш), заттардың ұқсастығын және айырмашылығын түсіндіре алады, өздерінің ойларын дәйектей алады

Балалардың ой-өрісін кеңейтіп, есте сақтау қабілетін шыңдау, білімге деген қызығушылығын артады.

**«Қызықты математика»
үйірме жұмысының жылдық жоспары**

№	Тақырыбы	Мақсаты	Ресурстар	Сағат саны	Күні
1	Сыңарын тап	Қолғаптардағы бірдей өрнектерді тауып топтастырады.	Қатты қағаздан қиылған қолғаптар	1	08.09
2	Көңілді математика	С андар арқылы жаттығу жасайды.	Санды карточкалар	1	10.09
3	1 және 2 сандарын жазу	1 және 2 сандарын дәптерге жазады. бір немесе екі затты анықтай алуға үйренеді. , Тиянақтылыққа тәрбиеленеді.	Санды карточкалар, суретті ойындар топтамасы	1	17.09
4	3 және 4 сандарын жазу	3 және 4 сандарын дәптерге жазады. Үш немесе төрт затты анықтай алуға үйренеді. , Тиянақтылыққа тәрбиеленеді.	Санды карточкалар, суретті ойындар топтамасы	1	24.09
5	5 және 6 сандарын жазу	5 және 6 сандарын дәптерге жазады. Б ес немесе алты затты анықтай алуға үйренеді. , Тиянақтылыққа тәрбиеленеді.	Санды карточкалар, суретті ойындар топтамасы	1	01.10
6	7,8 және 9 сандарын жазу	7,8 және 9 сандарын дәптерге жазады. Жеті немесе тоғыз затты анықтай алуға үйренеді. , Тиянақтылыққа тәрбиеленеді.	Санды карточкалар, суретті ойындар топтамасы	1	08.10
7	10 санын жазу	10 санын дәптерге жазады. Он затты анықтай алуға үйренеді. , Тиянақтылыққа тәрбиеленеді.	Санды карточкалар, суретті ойындар топтамасы	1	15.10
8	К өңілді вагондар	Орман жануарларын тиісті вагондарына орналастырады	С андар орналасқан вагондар, жануарлар	1	22.10
9	Тәулік бойы	Т әулік бөліктері жайлы біледі. А тауларын ажыратып айтады.	Т ақырыпқа сай материалдар	1	29.10
10	Кім мықты?	Б ерілген бейнеге сандарды тәрбиеші нұрқауымен тура немесе кері қояды	Қатты картоннан жасалған, фетрдан қиылған құрттар, сандар.	1	05.11
11	С андардың көршісін тап	Қораптың бетінде тұрған санның көршісін тауып атайды.	Шырпы қорабынан жапсырылған сандар	1	12.11
12	Қандай пішін жетіспейді?	Геометриялық пішіндерді атай біледі. Қай пішін жетіспейтінін тауып айтады.	Қатты қағаздан қиылған түрлі түсті пішіндер	1	19-26.11
13	Т оптастыр	Түстеріне қарай топтастырады. Балалардың логикалық ойлауы дамиды.	Карточкалар	1	02.12
14	К өршісін тап	А ғаш үйде орналасқан санның көршілерін тауып орналастырады.	логикалық тапсырмалар, сандар, үлестірмелі карточка	1	10.12
15	Жаңбыр	Бұлттарға сандар орналасқан, сол санға сәйкес тамшыларды орналастырады.	Фетр матадан қиылған бұлттар, тамшылар	1	24.12
16	Кім жылдам?	Берілген үлгіге қарап санағышарды пайдаланып құрастырады.	Суретті бейнелер, санағыштар	1	31.12
17	Б алық аулау	Б алықта жазылған есептерді шығарып, сол шыққан санды шелегіне орналастырады	Фетр матадан қиылған балық және шелектер	1	14.01

18	Күннің шуағы	Б алалар есепті шығара отырып қанша сан шыққанын тауып күнді құрастырады.	Күннің шуағында шығарылған есептер	1	21.01
19	С анада санды орналастыр	С уретті санай отырып орналастырады.	ойынға қажетті суреттер, сандар, логикалық талсырма	1	28.01
20	Машинаны тиісті үйіне орналастыр	Машинадағы есептерді шығарып, тиісті үйіне орналастырады.	Фетр матадан қиылған машина, гараждар	1	04.02
21	С алыстыр	Мысықтардың көлеміне қарай сүт ішетін ыдыстарын орналастырып салыстырады.	Мысықтар, мысықтың ыдыстары	1	11.02
22	Үйректің балапандары	Үйректе орналасқан қара нүктелерді санай отырып, шықан санды кір қыстырғыштармен орнатады.	Үйректер, кірқыстырғыштар, сандар	1	18.02
23	Ұяшықты толтыр	Бейнеге қарап суреттерді санап тиісті санды орналастырады.	Суреттер, санды карточкалар	1	25.02
24	Қоянды тамақтандырамыз	Қосу, алу амалдарын орындай отырып, қоянды тамақтандырады.	Қояндар, сәбіздер	1	04.03
25	А нама сыйлық	Б алалар анасына дайындаған тәтті тоқаштарын сандардың ретімен орналастырып сыйлықтарын жасайды.	Т ақырыпқа сай балалар қажетті заттар	1	11.03
26	С аусақтармен санайық	Саусақтармен санай отырып сандармен жылдам танысады.	Сандар, санды саусақтар	1	18.03
27	С уретті құрастыр	Б алалар сандарды ретімен орналастырып, қандай сурет шыққанын тауып атайды.	Қиынды сандар жапсырылған суреттер	1	25.03
28	Қосарланған пазлдар	Сандар мен нүктелерді санап топтастырады.	Қатты картоннан қиылған қанқыздары	1	08.04
29	Қыстырғыштармен ойын	Суреттерді санай отырып, құрастырғышты тиісті санына қыстырады.	Санды, суретті карточкалар қыстырғыштар	1	15.04
30	Қатарды аяқта	Геометриялық пішіндер арқылы үлгідегі қойылған пішіндер секілді қатарды аяқтайды.	Геометриялық пішіндер, жолақшалар	1	22.04
31	Математикалық жұмбақтар	Екі бірдей суреттің ұқсастықтарын, айырмашылығын табады.	Суреттер	1	29.04
32	Сандар құрамы	Үйшіктің шатырында тұрған санға қарап ұяшықтарға тиісті сандарды орналастырады.	сандар	1	06.05
33	Үйшікке орналастыр	Әр үйшікте орналасқан сандарды атай отырып, сол үйшіктерге таяқшаларды санап орналастырады	Үйшік, сандар, таяқшалар	1	13.05
34	Көбелекті тиісті гүлге орналастыр	Б алалар көбелектегі есептерді шығара отырып, шыққан санды тиісті гүліне апарды	Түрлі түсті көбелектер, гүлдер сан орналасқан	1	20.05
35	Мозайка	Мозайкамен пішіндер, сандар салып саусақтары жаттығады.	Б ала санына мозайкалар	1	27.05
36	Санағыштармен ойын	Санағыштармен түрлі пішіндер жасайды, санайды	Санағыштар	1	